

## **Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Шыңғырлау ауылындағы кейбір көшелеріне атаулар беру туралы**

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 27 ақпандағы № 12 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 наурызда № 7123-07 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңдарына сәйкес, Шыңғырлау ауылы халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 8 желтоқсандағы қорытындысы негізінде **ШЕШТІМ:**

1. Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау ауылдық округінің Шыңғырлау ауылындағы атаусыз көшелеріне келесі атаулар берілсін:

№2 көшеге – Аққұм көшесі;

№3 көшеге – Сарқырама көшесі;

№4 көшеге – Торыатбас көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шыңғырлау ауылдық округінің әкімі*

*А. Каражанов*